

3

4-5

7

8

Ембі ТЫНЫСЫ

№24 (64)
желтоқсан
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті ембіліктер!

Жаңа жыл – өткенге көз жүгіртіп, таразылайтын, жүріп өткен жолымызға баға беретін, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылуға серпіліс беретін ерекше мереке.

Өткен жыл бүкіл адамзат үшін күрделі болды. Жаһандық пандемия мемлекеттердің экономикалық дамуына әсер етіп, миллиардтаған адамның өмірін өзгертті.

Осы күрделі кезеңде әрқайсымыз отбасының ерекше құндылығын және достықтың, бір-бірімізге жанашырлықтың маңыздылығын түсіндік.

Қадірменді әріптестер!

Санаулы сағаттардан кейін 2021 жылға қадам басамыз.

Баршаңызды келе жатқан Жаңа 2021 жылмен құттықтаймын! Дендеріңіз сау болып, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Ізгі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма
төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы тағы да бірінші!

Жуырда ТАСС баспасөз орталығының онлайн-алаңында еуразиялық «Мұнай-газ компаниялары экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингісі» қорытындысының таныстырылымы өтті. Рейтингке мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2 млн тоннадан асатын 18 ресейлік мұнай-газ компаниясы, сондай-ақ Қазақстаннан 14 кәсіпорын (жылына 0,5 млн тоннадан астам өндіретін), Әзірбайжанның екі компаниясы (жылына 0,1 млн тоннадан астам өндіретін) ұсынылды. Ресейдің WWF тәуелсіз сарапшылары, Ұлттық Рейтинг Агенттігі және Sreop Group төтенше жағдайлар мен мұнай апаттары туралы ақпараттың ашылуын мұқият зерттеп, рейтингке қатысқан компаниялардың экологиялық ашықтығы өсіп келе жатқанын атап өтті.

Қазақстандық компаниялар арасында бірінші орынды төртінші жыл қатарынан «ҚазМұнайГаз» иеленіп келеді. Екінші орында «Норт Каспиан Оперейтинг», ал үшінші орында «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» орналасты. BP компаниясы Әзірбайжан компаниялары арасында көш бастап тұр.

Ресейлік рейтинг жарияланып келе жатқан жеті жылда алғашқы үш орынды «Сахалин Энерджи», «Сургутнефтегаз», «Газпром», «Зарубежнефть» және «Эксон» иеленді. Осы жылдың қорытындысы бойынша «Зарубежнефть» компаниясы рейтингтің көшбасшысы болды, II орынды «Сургутнефтегаз», ал III орынды «Лукойл» компаниясы алды.

Рейтинг әдістемесі корпоративтік тәжірибеде сынақтан өтті. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және

тәуелді ұйымдары арасында екінші жыл қатарынан ішкі рейтинг жүргізіліп келеді. Оның басында «Интергаз Орталық Азия» АҚ тұр, сондай-ақ, алғашқы үштікке «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазТрансОйл» АҚ кірді.

- Рейтингке қатысушылар арасында көшбасшылық ұстанымдар үшін артып келе жатқан бәсекелестік және мұнай-газ саласының өкілдері мен жұртшылық арасындағы белсенді диалог бұл жобаның экологиялық маңызды ақпаратты ашу тұрғысынан тұтас саланың ашықтығын арттыруға қаншалықты тиімді әсер ететіндігінің даусыз дәлелі болып табылады, – деп есептейді ҰРА даму жобалары жөніндегі басқарушы директоры Виктор Четвериков.

www.kmg.kz

Қарсақ-60

Құрметті ембіліктер

Құрметті Қарсақ кен орнының ардагерлері мен мұнайшылары!

Сіздерді мұнайлы Ембінің тарихи кен орындарының бірі Қарсақ кенішінің 60 жылдығымен құттықтаймын! 1948 жылы Қарсақ кен орны аумағында бордың жоғарғы және төменгі қабаттарында ашылған мұнай көкжиектері соғыстан кейінгі қиын кезеңдердегіел экономикасының дамуы үшінүлкен маңызға ие болды.

1960 жылы игерілуге берілгенкен орнындағы ерен еңбектің тарихы даңқты істердің шежіресіне толы.Алпыс жыл тарихында қазыналы кен орнынан Қазақстанның мұнай-газ өндіру саласының дамуында өзіндік із қалдырған көптеген еңбек озаттары шықты.

Бүгінде Қарсақ мұнайының қоры едәуір азайды. Дегенмен, болашағы бұлыңғыр емес. Жыл сайын 30 мың тоннаға жуық «қара алтын» өндіретін кен орны қазақстандық мұнай өндіру саласына сүбелі үлес қосуда. Бүгінде 100-ден астам жұмысшы жусан иісі аңқыған сайын далада жарты ғасырдан астам уақыт бойы мұнайшы аға-апаларымыздың салып кеткен сара жолын абыроймен жалғастырып, ел ырысын арттырып келеді.

Мерейлі мереке құтты болсын, Қарсақ кен орнының мұнайшылары! Пандемияға байланысты шектеу шаралары кезіндегі ерен еңбектеріңізге Ұлттық компания атынан алғысымды білдіріп, қызметтеріңізге сәттілік, отбасыларыңызға амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін!

Ізгі тілекпен, Жақып МАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары,
«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Еленген еңбек

Ембілік жұмысшылар ведомстволық марапаттарға ие болды

14 желтоқсан күні «Ембімұнайгаз» АҚ-да Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай салтанатты жиын өтті. Пандемияға байланысты шектеу шараларына орай жиын «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басшылығының және ҚМГ-ның Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облыстарындағы және ҚР-ғы өзге аймақтарындағы еншілес мекемелері ұжымдарының қатысуымен бейнеконференция форматында өтті.

Санитарлық талаптардың барлығы сақталған салтанатты жиынға ЕМГ-ден Компанияның және өндірістік

құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері қатысты. Мерекелік шара Қазақстан Республикасының Гимнін орындаумен басталды.

- Кетер жыл оңайға соқпады. Өкінішке қарай, дүниежүзін жайлаған жұқпалы індет қазақ даласын айналып өтпеді. Дегенмен, өткен жылдармен салыстырғанда «ҚазМұнайГаз» бұл жолы сыртқы факторлардың жағымсыз әсеріне дайын болып шықты. Біз дереу дағдарысқа қарсы стратегия қабылдап, шығындарымызды қысқартуға кірістік. Бірақ, біз өндірісте жүрген еңбек адамдарына басымдық



беріп, олардың жұмыс орындарын сақтап отырмыз. Мұнымен қоймай, жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту бойынша әрекет етудеміз. Мысалы, биыл Маңғыстау және Ақтөбе өңірлерінде әлеуметтік нысандардың құрылысына қаржы бөлінді, - деп атап өтті компаниялар тобы мұнайшыларын құттықтау сөзінде ҚМГ Басқарма төрағасы Алик АЙДАРБАЕВ.

Салтанатты жиын барысында мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі және жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының кен қабаты қысымын сақтау шебері Жансейіт МҰХИДЕНОВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы №1 мұнай және газ өндіру бригадасының 5 дәрежелі операторы Берікжан ТУРИЕВ, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі Асқар БЕКЕНОВ ҚМГ «Құрмет

грамотасымен», «Доссормұнайгаз» МГӨБ Доссордағы мұнайды дайындау және айдау цехы Қарсақ-Ботакан-Байшонас бригадасының 4 дәрежелі технологиялық қондырғыларының жөндеуші слесарі Алтынбек БОЛҒАМБАЕВ ҚМГ «Құрмет белгісімен» марапатталды. Марапаттарды жұмысшыларға ЕМГ басшысы Е.Қайыржан табыс етті.

- 36 жыл бойы өндірістің басы-қасында жүргендіктен, тәуелсіздік жылдары мұнайшыларға жасалған қолдауды тікелей сезініп келдік. Бүгінгі таңда еңбек адамының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, олардың алаңсыз ортада еңбек етулері бірінші кезекке қойылып отыр. Осының барлығы – егемендігіміздің жемісі. Ембілік мұнайшылар Ұлттық компанияның басшылығына көрсетіп отырған қолдауларыңыз үшін ризашылығымызды білдіреді, - деп атап өтті ембілік Жансейіт Мұхиденов.



Мәлік ОРЫНҒАЛИЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ
ұйымының жетекшісі:

«КЕМЕДЕГІНІҢ ЖАНЫ БІР»

Ембілік мұнайшылар ауыртпалыққа толы болған жылды бірліктің арқасында артқа тастап отыр. Компанияға қарасты 7 бастауыш кәсіподақ ұйымының жетекшілері – біздер компания басшылығының дер кезінде іске қосқан нақты шараларының нәтижесін жоғары бағалаймыз. Бүгінде Ембі өндірісі тұрақтанып, дәстүрлі жұмыс ырғағына көшсе, ол - басшылықтың дер кезінде тиісті іс-шараны іске қоса білуінің көрінісі деп айтамыз.

Кәсіподақ ұйымы өз кезектерінде әлеуметтік нысандарды керекті жабдықтармен дереу қамтуға үлес қосты. Өндіріс алаңдарында антисептиктердің жеткілікті болуы, бетперделерді залалсыздандыру құралдарының қолжетімді болуы, жатақханалардың кір жуатын машиналармен толықтырылуы, көрші Ресей елінен қажетті дәрі-дәрмектердің дереу жеткізілуіне қолдау көрсету, аудандық ауруханаларға ауа баллондарымен қолдау көрсетуі т.б. ұйымдастыру жұмыстарын дереу қолға алдық. «Кемедегінің жаны бір» дегендей біздің тарапымыздан болған әрбір ұсынысқа қолдау білдірген компания басшылығына алғысымыз шексіз.



Сырымбек СӘРСЕМБАЕВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ
Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
«ҰСЫНЫСТАРЫМЫЗҒА
БАСШЫЛЫҚ ҚОЛДАУ
КӨРСЕТТІ»

Бастысы, жұмыста адалдық болуы керек. Мен өзімнің күнделікті жұмысымда осы қағиданы ешқашан жадымнан шығарған емеспін. Маған сенім артқан әріптестеріме де «ашық жұмыс істеймін» деп берген уәдемнен табылуға тырыстым. Әр ай сайын жұмысшыларға электронды пошта арқылы жиналған қаражаттың мақсатты жұмсалыуы бойынша қаражаттың есебін жолдап отырдым. Кәсіподақ ұйымының әлеуметтік бағыттағы көмектері пандемия кезінде кең жүрді. Ел басына түскен қиындық ембіліктерді айналып өткен жоқ. Біз қиын-қыстау сәтте әлеуметтік бағыттағы шараларымызды тоқтатқан жоқпыз. Табысты еңбектерімен көзге түскен ұжым үздіктерін марапаттап отыру, табысты еңбекті бағалау қашанда өзекті. Бір жылдың ішінде кәсіподақ тарапынан басқарма бойынша 178 мұнайшы марапатталды. Жыл сайын мұнайшылардың балаларына Жаңа жылда және Наурыз мерекесінде екі мәрте жаңа жылдық төтті сыйлықтар табыстаймыз.

Ақтөбе кен орнының - 50 және Ж.Досмұхамбетов кен орнының 40 жылдық мерейтойларын атап өту мақсатында, мұнда штаттық кестеге сай жұмыс жасайтын 50 қызметкер-жұмысшыға түгелдей дерлік марапат сыйлық есебінде «Технодом» сауда орталығының ішінде 20 000 теңгеден ақшасы бар сыйлық карточкасы сыйға тартылды. Айта берсек, мұндай жасалып жатырған игілікті істер көп, ең бастысы, мұндай шаралардың қиындық кездерде жұмысшыларға үлкен медеу болғаны.



Кенжебай АЙДАРБЕКОВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Кәсіподақ
комитетінің төрағасы:
«МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА
ДЕРЕУ КӨМЕК КӨРСЕТТІК»

Пандемия кезінде елге келген індетпен бәріміз де мүмкіншілігіміз тартқанша күресуге тырыстық. Исатай аудандық дәріханаларда қажетті дәрі-дәрмектің тапшылығы байқалып, науқастардың қатты қиналып жатқанын көріп, аудан тұрғындарына үндеу тастадық. Исатайлықтар кең қолдау көрсетіп, ауқымды қаражат жиналды. Аудандық орталық ауруханаға өкпені жасанды желдетуге арналған оттегін концентраттайтын аппаратының бірнеше данасын табыстадық. Бұдан өзге, исатайлық дәрігерлерге бір реттік қорғаныш киімдерін, бетперделер мен пульсоксиметр аппараттарын табыстадық.

Жайықмұнайгаздық мұнайшылар

Жетістік пен береке кілті - бірлікте!

Пандемия дерті ушығып, Ембі өндірісіне қауіп төнгенде компания басшылығы сақтандыру шараларын қатаң сақтай отырып, жұмыс жоспарын қайта құрды. COVID-19 шарасына орай құрылған жедел штабтың тиісті жұмыстарды дер кезінде іске қосуының нәтижесінде өндіріс тоқтамады, жұмысшылар дін-аман.

Айта кету керек, вируспен күрес кезінде барлық ембіліктер «ортақ мақсат» жолында біркісідей жұмыла білді. Бірліктің арқасында компания ұжымы, міне, 2020 жылдың соңғы жұмыс аптасын қорытындылауда. 2020 жылдың наурыз айынан басталып, күні бүгінге дейін жалғасқан пандемияға қарсы іс-шараларды кезең-кезеңімен ұйымдастыру - компания ішкілік дұрыс саясаттың нәтижесі. Оны ұжымның әрбір мүшесі ұғынады, бағалайды.



елімізде қолға алынған «Bizbirgemiz» акциясына белсенді үлес қосты. Еліміз үшін күрделі кезеңде әріптестерімізге, жерлестерімізге тұрмыстық техника, азық-түлік өнімдері және басқа да тұрмысқа қажетті заттармен көмек көрсеттік. Жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық ауруханаға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына көмек ретінде қаражат жиналды. Бұл қаражаттан өзге басқармада 35 млн. теңгеге жуық қаражат материалдық көмекке жұмсалды. Жақын туыстарын жоғалтқан әріптестерімізге қолұшын создық. Ауа конденсаттарын, пульсоксиметр алып, қажетті дәрі-дәрмектерден қолдау көрсеттік.



Еркінбек МЫРЗАШЕВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кәсіподақ
комитетінің төрағасы:
«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА
ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛДІ»

Карантиндік шаралар аясында басқарманың кәсіподақ комитеті қызметкерлермен бірлесе отырып, Қызылқоға ауданының бірнеше ауылдарына көмек көрсетті. Мұқыр, Сағыз және аудан орталығы Миялы ауылдарына Түркиядан 4 дана конденсатор сатылып алынды. Жамансор елді мекенінің әлеуметтік көмекке мұқтаж, аз қамтылған отбасыларына азық түліктен көмек көрсетілді. Сонымен қатар, мұнайшылар жатақханаларына автоматты кір жуу машинасы, барлығы 12 данасы сатылып алынды. Вахта уақытының ұзаруына байланысты жұмысшылардың сұранысы бойынша шаш алу машинкалары алынды. Осы дерттің салдарынан ауырып ем алған, ата-анасы, бауырларынан айырылып қалған басқарманың 134 қызметкеріне материалдық көмек көрсетілді. Жылда, әрине, басқарма қызметкерлері үшін шипажай жолдамалары алынып, еліміздің түкпір-түкпіріне демалуға жіберілетін. Осындай қиын сәтте жолдама алу негізсіз болатыны ескеріліп, өз қаражатына шипажайға барып ем алған қызметкерлерге 70 пайыз қаражаты қайтарылды.



Сүндет ШЕРУЕНОВ,
«Ембімұнайэнерго» басқармасы
Кәсіподақ комитетінің төрағасы:
«БІРЛЕСЕ ПІШКЕН ТОН,
КЕЛТЕ БОЛМАС»

«Ембімұнайэнерго» тарапынан да

пандемия кезінде бірқатар көмек беру шараларын атқардық. Мысалы, Жайық, Қайнар, Мақат, Прорва, Доссор аудандық электр тораптарына автоматтандырылған кір жуатын машиналар, Құлсары, Мақат, Қайнар, Жайық электр тораптарындағы жұмысшылардың иммунитетін көтеру мақсатында шұбат өнімдері сатып алынып берілді. Сонымен қатар, қиын-қыстау кезеңінде несиелерін төлей алмаған 10 жұмысшыға өз арыздары бойынша қаржылай көмек көрсетілді.

Басқармамыздың қыс мезгіліне дайындық жұмыстарын бастау үшін сұранысқа сай бюджетте қаралмаған құрал-жабдықтар алынып берілді. Мысалы, Құлсары аудандық электр тораптары бойынша медбөлімшенің жылу жүйесін орталықтандырылған жылыту қазандарына қосу және жаңарту жұмыстарына кәсіподақ бюджетінен қаражат бөлініп, іске қосылды. Жұмысшыларымыздың арыздары бойынша ЖОО-нда оқитын балаларына 1 жылдық өтемақыларын кәсіподақ жанынан төледік. Әр мереке сайын жұмысшы қызметкерлерге сыйлықтар және қаржылай марапаттар беріліп отыры.



СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЕРСТВО – В ДЕЙСТВИИ!

В уходящем году, несмотря на ограничительные меры, связанные с пандемией, профсоюзная организация и администрация нефтяной Эмбы в очередной раз про-

демонстрировали позитивный опыт социального партнерства в обеспечении здоровых и безопасных условий труда для работников производственных подразделений компании. О достигнутых результатах в этом важном направлении рассказал руководитель профсоюзного комитета УПТОиКО Самат ОРАМАХОВ.

- Одним из главных событий в укреплении социального партнерства между работодателем и профсоюзной организацией стало создание в АО «Эмбамұнайгаз» в феврале этого года производственного Совета по безопасности и охране труда. На первом заседании были рассмотрены организационные вопросы и на ближайшие 2 года избран председатель Совета - заместитель председателя Правления по производству К.М.Касымғалиев. Также, по представлению профсоюзных комитетов производственных структурных подразделений Эмбы были рассмотрены и утверждены кандидатуры технических инспекторов. Считаю, что создание Производственного Совета является ярким примером социального партнерства. Таким образом, работники через Производственный Совет в целом, и через технических инспекторов в частности, могут принимать участие в управлении предприятием.

Еще одним из достижений уходящего года я считаю участие самих работников УПТОиКО в работе аттестационной комиссии в ходе обязательной периодической аттестации производственных объектов по условиям труда в августе месяце. В связи с тем, что результаты аттестации раньше всегда вызывали неоднозначную реакцию со стороны работников, в этом году в комиссию были включены 5 членов трудового коллектива. Наши работники лично присутствовали при инструментальных замерах, сопровождали специалистов подрядной компании, знакомили их с выполняемой работой в течение года, осознавая важность совместных действий и собственную ответственность за результаты. Напомню, что результаты аттестации действуют в течение ближайших пяти лет и влияют на дополнительные отчисления в пенсионный фонд, надбавку к заработной плате за вредность и дополнительные дням к ежегодному трудовому отпуску. Поэтому считаю, что несмотря на все трудности уходящего года, профсоюзная организация нашего управления и в целом нефтяной Эмбы, при поддержке администрации компании, заметно продвинулась в реализации вверенной нам, важнейшей социальной функции – защите прав и интересов работников в целях создания для них здоровых и безопасных условий труда! - отметил С. Орамахов.

Түйін: Әлем елдерін үрей құрсауына алған пандемия кезінде «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы «жұдырықтай жұмыла» білді. Орын алған қиындықтарға қарамастан, жұмысшының амандығын сақтау, өндірістік көрсеткіштің орындалуы дер кезінде нәтижесін тапты. Әрине, оңай болған жоқ. Дағдарыстың алдын алу мақсатында құрылған компанияның жедел штабы төтенше жағдай режимінде жұмыс істеді. Пандемия көптеген жұмыс жоспарына өзгеріс жасағанымен, Ембінің «дәстүрлі» тыныс-тіршілігі жалғасты. Қиын сәттерде ауыртпалықты артқа тастап, тығырықтан сәтті шыға білу – ұжым бірлігінің анық көрінісі. Пандемия қаупі әлі сөйілген жоқ. Бүгінгі жағдай бізден сақтық шараларын қатаң сақтай отырып, жауапкершілікті еселей түсуді талап етеді. Татулығы жарасып «түтіні түзу ұшқан» ұжымның келешекте де қиындықты игеріп, жақсы істің жанынан табыла білері даусыз.



Саланы дамытуға қосқан үлесіммен мақтанамын

Еліміздің бас мерекесі - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Нұрғалиқызы ТАСМАҒАМБЕТОВА «Құрмет» орденімен марапатталды.

Марапаттау шарасы Атырау облысы Кәсіпкерлер палатасының кеңсесінде «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басшылығы, KAZENERGY Ассоциациясы басшылығы мен мүшелері, «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясы» АҚ және еліміздің 17 аймағындағы кәсіпкерлер палатасы басшылығының қатысуымен ұйымдастырылған бейнеконференция барысында өтті.

- Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі, еліміздің мұнай-газ саласының дамуына тың серпін берді. Салаға қыруар инвестиция тартылып, жаңа жобалар жүзеге асты. Өндіріс процестері автоматтандырылды. Сол арқылы, мұнайшылардың ауыр жұмысы мен әлеуметтік жағдайына қолдау айтарлықтай артты. Мен қазақстандық мұнай-газ саласының одан әрі дамуына үлес қосып жүргенімді мақтан етемін. Бұл марапат – Ембінің барлық мұнайшы қыздарының марапаты деп есептеймін, - деді Р.Тасмағамбетова өз сөзінде.

Айта кетейік, «Құрмет» ордені азаматтарға экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беруді дамытуға сіңірген еңбегі үшін, мемлекеттік органдардағы үлгілі қызметі және белсенді әлеуметтік қызметі үшін беріледі.

Адал еңбек еленді



Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай өткен салтанатты жиында әріптесіміз, Әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің директоры Бибоз Байдәулетұлы ШАЯХМЕТОВ ҚР Президенті Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Салтанатты жиын барысында әріптесімізге марапатты облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетов табыстады.

Еліміздің басты мерекесі қарсаңында мұндай

үлкен мемлекеттік марапатқа ие болу – мен үшін үлкен абай. Бұл медаль - жалпы еңбек жолымдағы мемлекеттік қызметтегі және қазіргі мұнай-газ өндіру саласында атқарған жұмыстарымның жемісі және ел мүддесін қорғап, дамуы бағытында бірігіп жұмыс атқарған ұжымдастарымның ортақ жетістігі деп білемін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!,- дейді мемлекеттік марапат иесі Б.Шаяхметов

Айта кетейік, «Ерен еңбегі үшін» медалімен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін марапатталады.

Ембіліктер Тәуелсіздік күнін атап өтті



15 желтоқсан күні «Ембімұнайгаз» АҚ ақталында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға Компания басшылығы, өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, ЕМГ орталық аппараты мен ӨҚБ қызметкерлері қатысты.

- Еліміз үш онжылдыққа жуық уақыт бойы қазақ халқының дәстүрлерін сақтап және көпұлтты бірлікті нығайта отырып, өзінің саяси және экономикалық дамуын айқындауда. Мемлекетіміздің экономикалық жетістіктеріне көбінесе қазақстандық және Ембі мұнайшыларының арқасында қол жеткізгенімізді мақтанышпен айтамыз. Кетер жылда Ембі мұнайшылары пандемия және санитарлық шектеулер жағдайында үздіксіз мұнай өндіруді қамтамасыз етіп, қайсарлық пен қажырлы еңбекті тағы бір мәрте көрсетті, - деп ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН ембіліктерді құттықтады.

Салтанатты жиын барысында бірқатар ембілік маман жұмыстағы жоғары көрсеткіштері мен Компанияның қоғамдық өміріне белсене араласқаны үшін түрлі марапаттарға ие болды. Ең жоғарғы мемлекеттік награданың бірі – III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы Демеген ЖОЛДАСОВ марапатталды. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғибатолла ШАНАЕВ ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медаліне ие болды. KAZENERGY Ассоциациясының медалі «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Гүлшат САМАЛИКОВАға табысталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен өндірісті жедел басқару департаменті өндірісті жедел басқару бөлімінің бастығы Әзидолла АХМЕТОВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботахан мұнай және газ өндіру цехы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бригадасының 5 дәрежелі жөндеуші слесарі Ербол ИХСАНОВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының бастығы Қуанғали АБЕЖАН, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының Ақінген кен орны бригадасының, мұнай және газ өндіру операторы Дүйсенбай КҮЗЕКЕНОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ механика-энергетикалық бөлімінің 1 санатты механигі Амангелді ДҮЙСЕМБАЕВ, ӨТҚЖКБ өндіріске қызмет көрсету учаскесінің сылақшысы Бағытгүл КАЗЕНОВА, «Ембімұнайэнерго» басқармасы электрмонтаждау бөлімшесінің

5-дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері Сатжан РЫСПАЕВ марапатталды.

ЕМГ Алғыс хатын Басқарма төрағасы ЕМГ бюджеттеу және экономикалық талдау департаменті бюджеттеу бөлімінің аға экономисі Самат КУЖАХМЕТОВҚА, «Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік колоннасының Шығыс Мақат автокөлігінің механигі Болат НАҚПАЕВҚА, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының 5 разрядты мұнай және газ өндіру операторы Асхат БОРАНБАЕВҚА, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі Аманқос ҚАУКЕНОВКЕ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Доссор» аудандық электр торабының 4-дәрежелі электрразбен дәнекерлеушісі Бахытжан САДЫҚОВҚА табыс етті.

Ембінің кәсіподақ ұйымының атынан ЕМГ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәлік ОРЫНҒАЛИЕВ ембіліктерді мерекемен құттықтап, инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің маманы Мұрат АХМЕТОВТЫ Құрмет грамотамен, құжаттармен қамту тобының құжаттарды жүргізуші Индира НҰРҒАЛИЕВА мен геологиялық барлау жұмыстары департаментінің аға геологы Айым ТАЖИЕВАНЫ Алғыс хатпен марапаттады.



Әріптесіміз - «Алтын тұлға» номинациясының иегері



Нұр-Сұлтан қаласында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні дәстүрлі «Адал тұлға-2020» ұлттық сыйлығын табыстау рәсімі өтті.

Осымен 8-мәрте ұйымдастырылып отырған Ұлттық сыйлықты табыстау рәсімінде «Адал тұлға» номинациясымен «Ембімұнайгаз» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталық» республикалық қоғамдық ұйым төрағасының орынбасары Абат Амантайұлы БАЛАБАЕВ марапатталды.

Аталған номинация елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, абыройлы еңбегімен, адамгершілігімен, жан жылымен өзгелерге үлгі болып жүрген қоғам қайраткерлеріне беріледі.

Айта кетейік, өткен жылы аталған байқауда әріптесіміз А.Балабаев «Парасатты тұлға» номинациясын иемденген болатын.

Сонымен қатар, Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай еліміздің тұрақты дамуы мен мемлекеттік қызмет беделін көтеруге қосқан үлесі үшін Абат Амантайұлын ҚР Қаржы министрі Е.Жамаубаев Алғыс хатпен марапаттады.

Демеген ЖОЛДАСОВ, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Терең-Өзек кен алаңының мұнай-газ өндіру операторы, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері:

Еңбек адамына жасалған жағдай-тәуелсіздіктің нәтижесі

Ембі өндірісіндегі еңбек етіліме 40 жылдан астам уақыт болды. осы уақыт аралығында Монтер-дизельші, ұңғымаларды жер асты жөндеу бригадасының операторы, мұнай-газ өндіру операторы. Бұлардың әрқайсысы – өзінің қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандықтар. Осы еңбегімді ескеріп, биыл Тәуелсіздік күні қарсаңында мемлекеттік марапатқа ие болдым. Еңбек елеуіммен құнды. Үлкен қолдау көрсетіп жатқан Компания басшылығына алғысым зор.

Өндірісте өткен 40 жыл - біраз уақыт. Жұмысқа алғаш келген кезімдегі қиындықтар өлген есімде. Ұңғымалардың айналасы қазіргідей жабдықталмаған. Өндірісшілік жол деген жоқтың қасы. Жауын-шашынды ауа райында балшықтан аяқ алып жүргізіс. Операторлар ашық аспан астында күн ұзағына тоңып-жаурап жүре беретіміз. Кіріп, жылынатын жер де болмайтын. Асхана, жатақханамыз жоқ, оның орнында темір вагондар. Асымызды үйімізден алып келетіміз. Қазір ше? Қазіргі өндіріс мүлдем



басқа. Бүгінгі өндірісте еңбек адамының жұмысын жеңілдетуге барлық мүмкіндік жасалған. Бір кездегі негізінен қолмен атқарылатын жұмыстар автомат жүйесіне алмастырылған. Өндіріс алаңдарындағы операторларға арналған вагондар да - соңғы уақыттардағы жақсы жаңалық. Мұнайшылардың жұмыс арасында вагондарда күн суықта жылынуларына, аптап ыстықта күннен сақтануларына өте ыңғайлы жабдықталған.

Мен алғаш жұмысқа орналасқанда бізден ең алдымен өндіріс көрсеткіші, мұнай өндіру барысы ғана сұралушы еді. Еңбек қауіпсіздігі талапқа сай сақталмайтын десек те болады. Бүгінгі таңда еңбек адамының әлеуметтік -тұрмыстық жағдайы, олардың алаңсыз ортада еңбек етулері бірінші кезекке қойылып отыр. Мұнайшының еңбек демалысында шипажайларда демалып, денсаулығын нығайту мақсатында қаражат бөлінеді. Мұнайшы балалары демалысының қаражаты да компания тарапынан ұйымдастырылған. Үлгерімі жоғары жастардың жоғары білім алуларына да жағдай қарастырылған. Мұның бәрі – қарапайым еңбек адамына жасалған үлкен қамқорлық.

Ембі өндірісіндегі мұндай жаңалықтарды – егемендіктің нәтижесі деп бағалау керек. Барша әріптестерімді Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Аман болайық, ауырмайық. Жұмысымыз тұрақты да табысты болсын!

Гүлшат САМАЛИКОВА, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы, KAZENERGY Ассоциациясының медалінің иегері:

Ұжым еңбегінің жемісі

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бастамасы да қоғамдық сана-ны сілкіндіріп, халқымызға рухани серпіліс әкелген тұста мұнайшылар да өз үлестерін қосып жүргені баршамызға белгілі. Тәуелсіздіктің өткен 29 жылы ішінде қазақстандық мұнайшылар, соның ішінде, қарт Ембінің ұжымы біраз жұмыстар атқарды деп айта аламын. Алайда, алда тұрған міндеттер одан да зор.

Осы мереке қарсаңында еңбек бағаланып бірқатар марапат алғандардың қатарында мәңде табылғаныма ерекше ризамын!

Мен 1993жылы В.И.Ленин атындағы қазақ политехникалық институтын тәмамдап, Жылыой ауданына қарасты сол кездегі Сарықамыс елді мекенінде орналасқан «Прорвмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан алғаш еңбек жолымды бастадым. «Көзді ашып жұмғанша» 27 жыл уақыт өтті. 2014 жылдан бері «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы қызметінде жұмыс жасап келемін.

Алдымен, мені марапатқа ұсынған әріптестеріме және «Мұнайшы қыз» клубының

жетекшісі Рысты Нұрғалиқызына, марапаттаған KAZENERGY қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдар қауымдастығына шексіз алғысымды білдіремін. Өмірімнің жарты бөлігі өткен еңбек орнында жұмысымды бағалап, мұнай саласының үздіктеріне берілетін медальға ие болғаным үшін шын жүректен қуаныштымын. Бұл – менің ғана емес, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұжымының жетістігі, қуанышы.

Тәуелсіздік қарсаңында марапатқа ие болған барша әріптестерімді құттықтаймын. Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік болғай. Қазір мұнай саласында заманауи технология мен озық тәжірибені меңгерген мамандардың, соның ішінде, жастардың қатары көбейгенін мойындау керек. Бұның бәрі – ел тыныштығымен бірлігінің арқасы. Мереке құтты болсын! Мұнайымыз таусылмай, тәуелсіз Қазақстанның көк аспаны астында шалықтап жүре берейік.

МАРАПАТ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«ЭМБАНЕФТЬ» УСПЕШНО РЕШАЕТ ГЛАВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И НАРАЩИВАЕТ ТЕХНИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ

Главная проблема Эмбы

Одной из самых больших проблем Эмбанефти в 20-30 гг. являлось водоснабжение нефтяных промыслов. Ближайшее расстояние от Доссора до реки Урал составляло 85 верст (1 верста - 1,0668 км). Гурьев и Доссор разделяли 100 верст, а Доссор и Ракушу - 70 верст. Ближайшие водяные колодцы находились на расстоянии 40 верст от Доссора. Эти колодцы небольшой глубины служили недолго, поскольку при продолжительной эксплуатации давали соленую воду и не могли расцениваться как источники водоснабжения. Альтернативными природными источниками воды были атмосферные осадки, которые собирали в сооруженные водоемы из заградительных плотин, а зимой в оборудованные ледники. Качество воды конечно было сомнительным, но все же лучше, чем в колодцах.

При таком способе водоснабжения промыслы находились в прямой зависимости от природных осадков. Лето 1924 г. выдалось жарким и засушливым, все искусственные водоемы иссыкали и населению промыслов - нефтяникам и членам их семей пришлось пить соленую колодезную воду, еще и выдаваемую ограниченно, по 1 ведру в день на каждого члена семьи.


Все лето 1924, вплоть до заморозков 1925 г. вода доставлялась на промыслы 4 грузовиками цистернами по 150 ведер, 2 рейса в день и обозом верблюдов в 75 бочек по 30 ведер, один рейс в 2 дня. Причем, водоснабжение нарушалось при малейшей порче дороги, в результате чего промысла оказывались в критическом положении, под угрозой остановки нефтедобычи. Из-за некачественного водоснабжения на промыслах свирепствовали желудочно-кишечные болезни, особенно в летнюю жару, когда температура доходила до 50 градусов по Цельсию. Скот поили водой, вырабатываемой опреснителями. Ею же охлаждали двигатели. Для других технических нужд использовали воду из нефтепровода из Ракуши.

Дорога жизни для эмбinceв

Тогдашний руководитель «Эмбанефти» Владимир Коробовкин,

форсировавший вопрос о строительстве узкоколейной дороги между Доссором и Гурьевым, убеждал Москву, что положительное решение этого вопроса решило бы радикально и проблему водоснабжения. В отчетном докладе руководству он аргументировал, что нерешенность таких больших вопросов, как транспортный и водоснабжение, ухудшают условия жизни на промыслах, удорожают производство и нарушают правильную работу промыслов.

- К постройке железной дороги, трест решил приступить немедленно, как только этот вопрос будет разрешен в положительном смысле ВСНХ и Госпланом. ...каждый промысловый рабочий может дешево съездить в Гурьев



и купить себе все необходимое. Железная дорога позволит привлечь более квалифицированную рабочую силу, которую теперь из-за трудных жизненных условий, заполнить довольно трудно, - отмечает Коробовкин.

Работы по строительству железной дороги начались в 1924 году. В 1925 году были проведены земляные работы на протяжении 63 км. Хотя строительство планировалось завершить к июлю 1926 г., окончание работ затянулось до конца этого года.

19 декабря было открыто временное движение по маршруту Гурьев-Доссор.

- Постройка железной дороги Гурьев-Доссор, проходящей по безводной пустыне, составляет эпоху в развитии нефтеносного района и является необходимой для дальнейшего продвижения вглубь пустыни, в целях расширения разведочных и эксплуатационных работ на новых площадях, - отмечено в отчетном докладе.

Расстояние между начальной

и конечной станциями составляло 93 км, полная длина всех путей - 102,5 км. По маршруту были предусмотрены 3 станции и Гурьев-Карабатан-Доссор и 3 разъезда. Подъемная способность одного поезда составляла - 170 тонн, годовая пропускная способность - 50 000 тонн. Время хода поезда с остановками в один конец - 5-5,5 часов. Подвижной состав составлял 4 паровоза, 6 пассажирских автобуса, 24 товарных вагонов, 30 цистерн, 31 платформа. Для нужд железной дороги был выделен один автобус.

Чем добывалась эмбинская нефть в 20-е годы?

К 1927 году добыча нефти в Урало-Эмбенском районе производилась на промыслах Доссор и Макат. Если Доссор к тому времени давал среднюю добычу около 200 тысяч тонн в год, добыча на Макате росла быстрыми темпами. Нефть добывалась компрессорами, глубокими насосами, тартаием и фонтанным способом.

В качестве двигателей использовались преимущественно нефтемоторы (29) и газомоторы (24), а также небольшое количество электромоторов (9).

Из всего запланированного на операционный 1927-28 г. объема нефти в 277 469 тн, львиную долю добычи нефти в районе или 140 872 тн, планировалось получить газомоторами, 58 119 тн. - нефтемоторами и 78 478 - электромоторами.

Уже тогда для нефтяной Эмбы был актуален вопрос с утилизацией попутного нефтяного газа, который на тот момент применялся в качестве топлива для 4-х газомоторов, остальной объем сжигался под паровыми котлами - опреснителями. На тот момент объемы попутного нефтяного газа были невысоки, однако «Эмбанефть» все же написала из-за границы газовые счетчики и анализаторы для подсчета объемов с целью дальнейшего решения вопроса о применении газа, в том числе для отопления домов.

Бурение производилось на Доссоре при помощи станков «Рapid», в Макате - станками «Вирт» на передвижных тракторах «Ланц» и «Стар». Согласно подробнейшим образом составленным техническим спецификациям, описания оборудования и ведомостей заказов, специалисты «Эмбанефти» закупили нефтепромысловое оборудование преимущественно из Германии, США и Чехословакии. Помимо буровых станков и тракторов, из Германии в Эмбу поставлялись клапаны, электромоторы, трансформаторы, грузовые автомобили и запасные части к ним, вращательные станки для бурения на глубину 500 саженей, эксцентрики «Вессемер», станки ком-

бинированные «Националь» для бурения на 200 саженей, трубы и многое другое.

- По нашей импортной заявке на 1925/26 гг., числится 12 станков «Колумбия» для разведочного бурения. Эти станки предназначены для картировочного механического бурения, в среднем, на глубину 100 метров, максимум - 150 метров. Ввиду увеличения картировки района, намечалось приобрести 12 штук таких станков. Мною, совместно с С.И. Кузнецовым обсуждался вопрос о возможности замены станков «Колумбия» станками «Дэвис Каликс», описанным в каталоге «Интерсол Ранд К-О»....Как известно, станки «Дэвид Каликс» из-за условий кредита заказать не удалось, потому я остановился в Англии на станках типа 600 Т и с согласия Правления, их было заказано 4 штуки.

В Германии завод «Вирт» строит коронковые станки, очень похожие на американские станки «Дэвид Каликс».... Согласно отчетных данных прошлого года, в среднем на одну скважину затрачивается 4-3 дня: если применить Виртовские станки для рационализации, то полагаю, что одну скважину можно будет бу-

- Я заказал 2 буровые установки для бурения на глубину до 650 метров, предполагая, что эти установки пойдут для эксплуатационного бурения на III-горизонт Маката. В нашей программе разведки будущего года они для простоты окрещены названием «Эмба» и поставлены на глубокую разведку на Северном Макате... Я написал фирме, чтобы к моменту прибытия этого оборудования к нам на промысла они прислали бы бурового мастера-инструктора, который бы обучил персонал и показал бы методы бурения этим оборудованием. Надо сказать, что, просматривая буровые журналы и их работу в различных частях Германии, я усмотрел, что в мягких породах Рейнских провинций скорость проходки ударным способом в течение 24-х часов достигала 50-ти метров, а обыкновенная проходка была около 35-ти метров. Имея ввиду то обстоятельство, что наш персонал совершенно не знает вращательного бурения и уже привык в «Виртам» и к нашим «Рапидам», я выбрал быстро-ударную систему на канате, но комбинированную с вращательной. Таким образом, если первое время персонал не будет справляться с вращательным бурением, вы сможете

те всегда перевести эти станки на бурение ударное и идти на них довольно производительно, - отмечается в деловой переписке представителя торговца в Германии и «Эмбанефтью».

Согласно многочисленной деловой переписке тех лет, «Эмбанефть» в тот период интенсивно наращивала техническую базу в рамках запланированных активных работ по разведочному бурению в условиях истощения Доссора. Буровой программой по глубокому разведочному бурению предусматривалось бурение в 9 районах в 40 скважинах, из которых 21 скважина - на новых площадях и 19 - на эксплуатационных площадях.

- Ближкое истощение Доссора остро ставит вопрос об усилении разведочных работ в Эмбенском районе. Этому вопросу Трестом уделяется особое серьезное внимание. Подготовительные, геологические и топографические работы, мелко разведочное, а равно и глубокое бурение в отчетном году велось в широком размахе. Однако полному осуществлению всей программы глубокого разведочного бурения помешал недостаток бурового оборудования вследствие опоздания его из-за границы. С прибытием этого оборудования - 11 вращательных и комбинированных станков, разведка получит должное развитие на основе законченных в отчетном году подготовительных геолога-разведочных работ, - отчитывался Коробовкин.

Лаура Сулейменова
Продолжение следует...

КОПИЯ		COPY	
<p>№ 5781</p> <p>Американское Отделение ДЕРУТРА оповещено о том, что ввоз груза по прилагаемому при сем коносаменту №</p> <p>Ис Соса: Штатов С. А. в СССР</p> <p>Через пограничную таможню Ленинград</p> <p>Отправитель: Анторг в Нью-Йорке</p> <p>В адрес получателя: Эмбанефть в Ленинграде</p> <p>Состоящего из: 19 центральных приводов и 1 качалки</p> <p>Количество мест: 19 ящиков-клеток и 10 ящиков (маркировка № 1735/1)</p> <p>Брутто: 58,083 англофунтов</p> <p>Нетто: 41,748</p> <p>Покупной стоимостью: \$ 8,550.00</p> <p>Совершается согласно законам о регулировании внешней торговли СССР, на основании лицензий № 10027, выданных в Москве.</p> <p>Наличием дополнительных разрешений для выгрузки иностранных товаров в порту назначения не требуется.</p> <p>С подписями: ДЕРУТРА</p>		<p>DERUTRA</p> <p>German-Russian Transport & Storage Corporation, Ltd.</p> <p>New York</p> <p>№ 5781</p> <p>The American Branch of DERUTRA has been notified that the consignment specified below, covered by the attached Bill of Lading, is going forward in compliance with the foreign trade regulations of the Union of Soviet Socialist Republics. No additional permits are required for the purpose of unloading the cargo at the port of destination.</p> <p>Shipment from the United States to the Union of Soviet Socialist Republics</p> <p>Via (port of entry) Leningrad</p> <p>By (Shipper) Antorg, New York</p> <p>To (consignee, name and address) Embanef, Leningrad</p> <p>Consisting of Oil well Supplies</p> <p>Number of cases 19 crates & 10 boxes (# 1735/1)</p> <p>Weight gross 58,083 lbs.</p> <p>Weight net 41,748</p> <p>Purchase price</p> <p>In accordance with license # 10027.</p> <p>However, neither DERUTRA nor the steamship company assumes any responsibility for any difficulty that may arise due to the absence of the official document required, in accordance with the Soviet law, for the admission of the shipment to the U.S.S.R.</p> <p>С подписями: ДЕРУТРА</p>	



Санаулы күндерден соң 2020 жылмен қоштасып, 2021 жылды қарсы алып, жаңа жылға қарай қадам басамыз. Жыл соңында жүріп өткен жолымызға тағы бір мәрте бұрылып қарап, «не бітірдік, жетістігіміз бен кемшілігіміз қандайлық» деген сауалдарға жауап іздейтініміз бар. **Сонымен, «2020 жыл ембіліктер үшін қандай болды?». «Бұл жыл несімен есте қалады?» деген сауал төңірегінде ой өрбітсек...**

* * *

Бақытсыздықтан бақыт іздеген халықпыз. Жыл қалай өтті деген сауалға, әрине, шүкірлігімен деген жауап алдымен тілімізге оралады да, тек содан кейін ғана қиындық, проблемаларға көшеміз. Ең бастысы, биылғы жылды аман-есен өткердік. Ембі өндірісі 1 минут та тоқтамады, ұжым аман-

2020 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫНА ШОЛУ

немесе бұл жыл біздің есімізде қалай сақталады?

«Ембімұнайгаз» АҚ кен алаңдарында еңбек етіп жатқан мамандар арасында корона-вирус дертінің таралмауы бойынша тиісті іс-шаралар дереу қолға алынды. Яғни, жұмысты қайта құрды. Бұл бағыттағы жо-спар бойынша ауысымдық еңбек уақыты 14 күннен бастапқыда 56 күнге, кейін 28 күнге дейін ұзартылды.

Пандемия жұмыс кестесін өзгертумен қатар, қиыншылыққа әрқайсымыздың дереу бейімделуіміз керек екенін де ұқтырды.

Дәлірек айтсақ, панде-мия бәріміздің өмірге деген көзқарасымызды өзгертті. Вах-та жұмысы – бірнеше адамның

бұл шаралар әлемнің алпауыт елдерін де алаңдатқан пандеми-ядан аман шығудың бірден-бір жолы екенін ұғындық. Ұжымдағы осындай түсініспеңшіліктің нәтижесінде Ембі өндірісі тоқтамады.

2020 жылы бізді алаңдатқан тағы бір мәселе - әлемдік нарықта мұнай бағасының құлдырап кетуі. Бұл да еліміздің экономикасына салқындығын тигізбей қойған жоқ. Мұнайдың бағасы төмендеді, өнімге де-ген сұраныс азайды. Осыған орай, экономикасының бағыты «қара алтынға» негізделген ОПЕК+ елдері ортақ келісімге келді. Олардың қол жеткізген уағдаластығы- мұнай өндірудің

деген қағиданы ұстанған компа-ниямызда ембілік ардагерлер толықтай қамқорлыққа алынған. Ардагерлерге мемлекеттік мере-келерде төлемдер, сыйақылар жасау, емдеу-сауықтыру орында-ры үшін тегін жолдамамен көмек көрсету - осы қамқорлықтың айқын көрінісі.

2020 жылда еліміздің жаңа Экологиялық кодексі



Қазақстан ОПЕК+ келісіміне қатысушы елдер қатарына енгендіктен, «Ембімұнайгаз» АҚ да аталған келісім талаптарын орындау мақсатында биылғы жылдың 1-шілдесінен бастап 31 желтоқсаны аралығындағы мұнай өндіру көлемін 91 мың 755 тоннаға азайтып отыр.

2020 жылда Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толды. Әрине, карантин уақытының шектеу қойған талаптарына орай ембілік мұнайшылардың Ұлы Жеңіс күнін тиісті деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндіктері болмады.

Тарихи деректерге назар аударсақ, «екінші дүниежүзілік соғыс» деп статусын алған бұл соғысқа 1 миллион 400 мың қазақстандық шақырылды. Олардың 601 мыңы туған жер-ге оралмады. 100 мыңнан астам отандастарымыз майданда көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін медаль, ордендермен марапатталған. Шамамен 500-ге жуық қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының батыры атағын алды.

Ембіліктер де «қан құйлы» соғысқа қатысып, елің жерін қорғау жолында ерлік көрсетті. «Ембі өндірісінің қалыптасуы мен дамуы жолында адал еңбек еткен бір де бір ардагер наза-рымыздан тыс қалмауы керек»

дайындалған. Жеті негізгі прин-циптен тұратын еліміздің жаңа экологиялық кодексі жауап-ты мамандардың айтуынша қоршаған ортаның ахуалын жақсартуға негізделген. Елімізде қоршаған ортаны қорғау талап-тарын орындауға бағытталған экологиялық кодекс алғаш рет 2007 жылы қабылданған. Содан бері «Экологиялық кодекске» 63 рет өзгерту енгізілген. Неге де-ген сауалға, қазақстандық эко-логтар табиғатты пайдаланушы компанияларға талап әлсіз де-ген уәждарын алға тартады. Егер жаңа кодекс бекітілетін болса, біз сияқты өзге де қазақстандық компаниялардың иығына түсетін ауыртпалық туралы «Ембі тыны-сы» газетінің бұған дейінгі са-нында тарата айтқан болатын-быз.

Әзірге, «Экологиялық кодекстің» жаңа жобасы талқыда. Бікітілген жоқ.

ТҮЙІН. 2020 жыл санаулы күндерден кейін тарих сахнасына көтеріледі. Әлем елдерін қауіптің құрсауына алған бұл жылдың да күнтізбесі жабылып жатыр.

Алдан тек жақсылық пен үміт күтетін қазақи болмысы-мыздан айнамай, 2021 жылды жақсы ниетпен күтудеміз. Жаңа жыл жарылқасын дейміз. Әр мұнайшының отбасы шаттыққа толы болғай!



есен жұмысын жалғастыруда. Өндірісте тұрақтылық. Алайда, бұл тұрақтылық бізге оңайлықпен келген жоқ. Өндірісте жағдайды бір қалыпты ұстап тұру үшін үлкен еңбек, маңдай терді молы-нан төгуге тура келді.

Иә, бұл жыл бізге әртүрлі көңіл күй, әрқилы эмоция сыйлады. Қуандық, қайғырдық, толқыдық, тебірендік. Бәрі де болды. Біз өз кезегімізде халықтың жадында қалған бір жылдың ішіндегі елеулі оқиғаларды жіпке тізіп шығуға тырыстық.

Енді осы жылдағы маңызды деген оқиғаларға қысқаша тоқталсақ.

Қазақстан Республика-сы Тәуелсіздігінің 29 жылын тойлады. Биылғы жыл сонысы-мен де құнды. 30 жыл мерейлі дата емес, 29 жыл ғой деуге де бо-лар. Алайда, бізге Тәуелсіздіктің арайлап атқан әрбір таңы қымбат. Компаниямыздың орталық кеңсесінде бейнекон-ференция форматында салта-натты шара өтіп, онда табы-сты еңбектерімен топ жарған бір топ ембілік мамандар жоғары марапаттарға ие болды. Еңбек дер кезінде, тиісті бағалануымен құнды. «Ембімұнайгаз» АҚ үшін басты құндылық - қарапайым еңбек адамының жағдайы деген-ге шегелей түсеміз.

Бүкіл әлем елдерін алаңдатқан басты оқиғаға көшсек. 2020 жылдағы COVID-19 пандемия-сын қалай айтпай өтеміз.

Өндірісті тоқтатпау және жұмысшылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

бірлескен еңбегінің нәтижесі. Демек, вахтаға кіріскен бір жұмысшының денсаулығы бірнеше адамға әсер етеді. Бұл дегеніміз – «бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» де-ген ұрандатылған пікірді көз алдымызға әкелді. Біз тұтас ұжымның амандығына жауапты екенімізді түсіндік. Осыдан келіп, бекітілген жаңа бағытқа бір ауыз-дан келістік, бағындық. Себебі,

көлемін айтарлықтай азай-ту. ОПЕК+ келісімінің мақсаты – мұнай өндіру көлемін азай-ту арқылы Brent маркалы мұнай бағасын тұрақтандыру. Бұл орайда, мұнай өндіруші ком-пания ретінде Brent-тің өскені, бір жағынан, Ембі үшін тиімді болғанымен, екінші жағынан, өндіріс көлемін азайтудың ком-пания үшін кері әсерін барын да айта кеткен жөн. Алайда,



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АҒАЙЫН!





Зимняя рыбалка удалась



Воскресным утром, 18 января, на берегу Урала в районе поселка Береке состоялась традиционная зимняя рыбалка, организованная для членов профсоюзной организации аппарата управления Эмбы.

Для организаторов рыбалки – руководителя и членов профсоюзного комитета аппарата управления Болат Нсанбаева и его товарищей утро воскресного дня началось в 4 утра, когда на берегу реки начался процесс установки большой палатки с раскладными столами и стульями. Чтобы участникам рыбалки в зимний день было тепло и комфортно, в палатку провели освещение и установили тепловую «пушку» для обогрева. К моменту приезда «рыболовов» был накрыт стол и приготовлено горячее угощение к завтраку и обеду. Также, профком подготовил для участников все необходимые снасти и червей для рыбной ловли.

Перед выходом на лёд каждый участник прошел инструктаж по технике безопасности и поведения на льду. А **руководитель компании Есен Кайржан** пожелал всем участникам удачи и богатого улова.

Всего в зимней рыбалке приняли участие более 30 сотрудников аппарата управления. Первой удача в виде зимней волны улыбнулась **начальнику отдела ИТ и телекоммуникаций Ардаку Рахимжанову**. Самый большой улов оказался у **старшего инженера по добыче нефти Дастана Шаненова**. Чуть меньше, но равное количество рыбы поймали **начальник отдела АСУП и метрологии Талгат Абилов** и **инженер-технолог департамента оперативного управления персоналом Дамир Зулкаров**. На третьем месте – **инженер департамента материально-технического снабжения Бауыржан Умбетаев**.

Победителям подарили палатку для зимней рыбалки, походные газовые плиты и ледобуры для зимней рыбалки. Каж-



А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, blog_emg@emg.kmgerp.kz электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.
Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана
Редакцияның мекен-жайы:
Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.
Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177. L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121. G.Karajanova@emg.kmgerp.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309. A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:
Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
С.Нақпаев - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;
Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:
«Ақ Жайық» ЖШС
Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев қ., 71А
Байланыс телефондары: 27-23-67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.